



УДК 94(481).083

Жарыкбасов А.Р.**СОҒЫСТЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ МЕН
ПОТСДАМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

*В этой статье были рассмотрены итоги
2-ой мировой войны и конференция
Потсдама.*

*Results of world war II and conference of
Potsdam were considered in this article and
in conference were discussed problems
between Polish and Germany.*

Соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін 1945 ж. 17 шілдесі - 2 тамыз аралығында Берлиннің қасындағы Потсдам қаласында одақтас 3 державаларының мемлекет басшылары кездесті. Бұл кездесуге Кеңес үкіметінің басшысы И.В.Сталин, АҚШ президенті Г.Трумэн және Ұлыбританияның премьер-министрі У.Черчилль (соңғысы 28 шілдеден бастап парламенттік сайлауда жеңіп шыққан лейборлистік партияның көсемі К.Эттли айыр-бастады), үш державаның сыртқы істер министрлері.

Ең бірінші болып конференцияға қатысушылар Еуропадағы мәселелерді бейбіт жолмен реттеуге оқиқасты. Олар Германиямен және оның бұл соғыста одақтасы болған Италиямен, Румыниямен, Болгариямен, Венгриямен, Финляндиямен бейбіт келісімдерді жасасатын халықаралық орган құру керек еді.

Ұлы державалардың басшылары Потсдамда бұл мәселелерді шешетін Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесін (СІМК) құрды. Бұл мекемеге соғыста жеңілген Германия және оның одақтастары Италиямен, Румыниямен, Болгариямен, Венгриямен, Финляндиямен бейбіт келісім-дердің шарттарын жасау және бөтен де одақтас державалар ұсынатын мәселелерді шешу тапсырылды.

СІМК-ге КСРО-ның, АҚШ-ың, Ұлыбританияның, Қытайдың және Францияның сыртқы істер министрлері қатысты. Жеңілген мемлекетпен бейбіт келісім шарттың жобасын бұл елдің капитуляциясын қабылдаған мемлекеттердің өкілі жасайтын болды. Сондықтан Финляндиямен бейбіт келісімнің жобасын жасаған КСРО мен Ұлыбританияның бұл Кеңестегі өкілдері болды, Румыниямен, Болгариямен Венгриямен бейбіт келісімнің жобасын жасаған КСРО, Ұлыбритания және АҚШ болды. Италиямен бейбіт келісімнің жобасы жасалғанда оған одақтас үш державаның өкілдерімен қатар Францияда қатысты.

Бұл мәселе бойынша қабылданған Коммюникеде былай делінді: «Конференцияға қатысушылар жеңіске жеткеннен кейінгі Еуропада орнатылатын тәртіп бойынша мынадай мәлімдеме жасауды шешті».

Үш Мемлекет қазіргі замандағы Италия-дағы, Болгариядағы, Финляндиядағы, Венгрия-дағы, Румыниядағы қалыптасқан аномалдық жағдайды олармен бейбіт келісімдер жасау арқылы тоқтатуды шешті. Бөтен де бұл мәселелерді шешкісі келіп отырған бізге одақтас мемлекеттердің Үкіметтері де бұл шешімімізді қолдайды деп сенеміз. Үш Үкіметте өз жағынан СІМК-нің Италиямен тезірек бітім жасауын кідіртуге болмайтын маңызды іс деп есептейді, себебі Италия фашистік осьтің ішіндегі



бірінші мемлекет болып Германиямен байланысын үзіп, оны талқандауға біраз материалдық үлес қосты және қазір де Жапониямен соғысу үшін одақтастармен бірігіп отыр. Италия өз бетімен фашистік тәртіптен құтылып демократиялық билену бағыты жолында әжептәуір прогресске жеткен мемлекет. Әлем таныған Италияның Демократиялық Үкіметімен бейбіт келісім жасасу, Үш одақтас Үкіметке Италияның БҰҰ ұйымына мүше болғысы келген мақсатын қолдауға мүмкіндік береді.

Үш Мемлекет Сыртқы істер министрлерінің Кеңесіне Болгария, Румыния, Венгрия, Финляндиямен бейбіт келісімдердің жобасын жасауды ұсынды. Әлем таныған бұл мемлекеттердің Демократиялық Үкіметтерімен бейбіт келісім жасасу, бұл мемлекеттердің БҰҰ ұйымына мүше болғысы келген мақсатын қолдауға мүмкіндік береді. Үш Мемлекет өз бетімен бұл мемлекеттермен бейбіт бітімдердің жобалары жасалғанша олармен дипломатиялық қатынастарды орнатудың шарттарын талқылауға қарсы емес.

Үш Мемлекет соғыс аяқталғаннан кейінгі Еуропадағы жағдайлардың өзгергеніне байланысты, одақтас мемлекеттердің баспасөз өкілдері сөз еркіндігіне ие болып Румынияда, Болгарияда, Венгрия мен Финляндияда болып жатқан оқиғалар туралы әлемге шынайы ақпарат беріп тұрады деп сенеді.

Бөтен мемлекеттердің БҰҰ мүшелігі туралы мәселеге келетін болсақ, ол туралы БҰҰ Жарғысының IV бабында былай делінген:

1. БҰҰ-на оның Жарғысында жарияланған шарттарды мойындап, оны орындауға кепілдік берген барлық бейбітшілік сүйгіш мемлекеттерге жол ашық.

2. Бұл шарттарды орындауға келіскен әрбір мемлекетті БҰҰ-на мүшелікке алу Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы бойынша Бас Ассамблеяның шешімімен жасалады.

Үш мемлекет, бұл мәселені шешу оларға қатысты болғандықтан, БҰҰ мүшелігіне соғыс барысында бейтараптық ұстаған мемлекеттерді және жоғарыда көрсетілген шарттарды мойындап оларды орындауға кепілдік берген мемлекеттерді қабылдауға қарсы болмайды.

Сонымен қатар Үш Мемлекет БҰҰ мүшелігіне Испанияны қабылдауға қарсы екенін жариялайды, себебі бұл мемлекет фашистік державалардың қолдауымен құрылған болатын, сондықтан өзінің пайда болуымен, сипатымен, өзінің қызметі мен агрессор мемлекеттермен байланыста болғандықтан БҰҰ-на мүше болатын шарттарға сәйкес келмейді.

Потсдамдағы конференция Ялтадағыдай достық, ынтымақтық жағдайда өткен жоқ. АҚШ пен Ұлыбританияның өкілдері КСРО-ға одақтастық пікір танытқан жоқ. Соғыс аяқталғаннан кейінгі 1945 ж. мамыр айының соңында Трумэнге жазған хатында У.Черчилль Шығыс майданда "Темір сахнаның" жабылғаны туралы жазған еді. Батыс тарихшыларының жазуынша, Ф.Д.Рузвельттің бұндай саясат ұстануы, АҚШ-тың алғашқы болып ядролық қаруды иеленуіне байланысты. Олардың айтуынша, Трумэн манайындағыларға былай деген екен: "Енді менің қолымда Кеңес үкіметін қорқытып ұстайтын үлкен сойылым бар" [1].

Конференция барысында Ф.Рузвельт У.Черчилльмен алдын ала келісіп, И.В.Сталинге АҚШ-та атом бомбасының сынақтан өткені туралы хабарлады. Бірақ бұл хабар күткендей эффект бермеді. Маршал Г.К. Жуков "Мысли и размышления" деген естелігінде былай деп жазады: "Трумэнмен сөйлесіп бұл хабарды есіткеннен кейін, Сталин кеңестік делегаттардың ортасында, батыс өкілдерінің құлағына жеткізу үшін, "Курчатовқа атом қаруын дайындауды тездетуге тапсырма беріндер" деді.

Потсдам конференциясында бірқатар мәселелер бойынша одақтастар арасында елеулі келіспеушіліктер болды. Оның бірі - Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдеріндегі жағдайлар мәселесі. Румыния мен Болгарияны кеңес әскерлерімен азат етілуі бұл жерлерде өткен фашизмге қарсы халық көтерілістерімен қатар келді. Румынияда кескілескен саяси күрес барысында мемлекет басына 1945 ж. наурыз айында П.Гроза басқарған демократиялық үкіметі келді. Болгарияда 1944 ж. қыркүйегінен бастап елді үздіксіз басқарған Отандық майдан үкіметі болды.

Кеңес әскерлері немістерден азат еткен Венгрияда демократиялық партиялардың одағынан тұрған коалициялық мемлекет билік басына келді. Бұл елдерде қайта құрулар жүргізіліп, үкіметтерінің фашизмнің қалдықтарын жоюға, демократиялық билену принциптерін жаңғыртуға жасап жатқан іс-әрекеттері бұл елдердің қолдауын тапты.

Потсдам конференциясына қатысқан батыс мемлекеттерінің өкілдері бұл елдерде қалыптасқан жағдайларды өзгертуге тырысты. Мысалы АҚШ делегациясы "Румыния мен Болгариядағы өмір сүріп жатқан билену түрін дереу өзгерту туралы" қарар қабылдауды ұсынды.

Потсдам конференциясында ең кескілескен күрес Польша және Германия мәселесі бойынша жүрді.

Польша мәселесі. Қырым конференциясының шешімі бойынша Польша солтүстігі мен батыста өзінің территорияларын кеңейту керек еді. Потсдамда американ және ағылшын делегаттары Кеңес



үкіметінің Польшаға немістердің басып алған батыс аудандарын қайтып беруіне қарсылық білдірді. Бірақта дискуссия нәтижесінде АҚШ пен Ұлыбританияның өкілдері "баяғыда Балтық теңізінен Одер мен Батыс Нейсе бойынша Чехословакияға дейінгі немістер жаулап алған жерлердің және Данциг қаласының (полякша Гданьск қаласының) Польшаға қосылуына" келісті. Және сонымен қатар одақтастар бұл жерлердің неміс тұрғындарының Германияға көшірілетіні туралы келісті. Бұл шешімдердің барлығы, конференцияға қатысқан елдердің Польшаға қайтарылып берілген жерлердің заңдылығын және мызғымастығын мойындайтынын көрсетті.

Польша мәселесі бойынша қабылданған арнайы Коммюникеде былай делінген еді:

«Конференция Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметі мен Польшаның батыс шекараларына қатысты мәселелерді қарастырды».

Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметіне қатысты позицияларымызды төмендегі Мәлімдемеде жариялаймыз:

А. Біз Қырым Конференциясының шешімдеріне сәйкес эмиграциядағы және елдегі поляктардың келісімге келіп үш держава мойындаған Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметінің құрылғанына ризашылығымызды білдіреміз. Британ Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметімен дипломатиялық қатынастарды орнатқаннан кейін эмиграциядағы Лондондағы Польшаның Үкіметін мойындамайтынын мәлімдейді және ол үкімет таратылу керек. Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметтері өздері ресми түрде мойындаған Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметінің мүдделерін және қандай түрде болса да Польша жерлерінде өмір сүретін меншігін қорғайтынын мәлімдейді.

Одақтастар Польшаның меншігін бөтен үшінші жаққа беріліп кетпеуінің жағдайларын жасады. Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметіне олардан заңсыз тартып алған барлық меншігін қайтып алуға юридикалық құқық берілді.

Одақтас Үш Үкімет Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметіне тез уақытта шет елде жүрген өз еркімен елге қайтқысы келген поляк азаматтарын, сауда флотын және әртүрлі әскери құрамдарда жүрген әскери адамдарын қайтаруға көмек көрсететінін мәлімдейді. Одақтас Үш Үкімет бұл Отандарына қайтып оралған азаматтарға Польшаның азаматтарына сияқты толық азаматтық құқықтары беріледі деген сенім білдіреді.

Одақтас Үш Үкімет Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметінің Қырым Конференциясының шешімдеріне сәйкес таяу уақытта еркін және ешқандай кедергілер жасамай жаппай даус беру негізінде барлық Польшадағы партиялардың қатысуымен сайлау өткіземіз деген шешімін қолдайды және ол сайлау барысы туралы одақтастардың баспасөз өкілдерінің әлемге мәлімет беріп тұруына Польшаның Уақытша Үкіметі кедергі жасамайды деген сенімін білдіреді [2].

В. Польшаның батыс шекаралары бойынша мынадай Келісім қабылданды:

Қырым конференциясында Польша мәселесі бойынша қол жеткен Келісім бойынша Үш Үкіметтің басшылары Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметінің Польшаның солтүстік пен батыста алғысы келетін территориялар туралы пікірлерін қарастырды. Польшаның Краева Рада Народованың төрағасы мен Польшаның Ұлттық Бірлігінің Уақытша Үкіметінің мүшелері Конференцияда қабылданып бұл мәселе бойынша өз көзқарастарын жариялады. Үш Үкіметтің басшылары бұл мәселені жан-жақты талқылап, Польшаның батыс шекарасын белгілеуді ендігі бейбіт конференцияға шешуге қалдырды. Үш мемлекеттің басшылары Польшаның батыс шекаралары толық белгіленгенге дейін, Берлин Конференциясының шешімдері бойынша КСРО-ға берілген жерлер мен Данциг қаласынан басқа, Балтық теңізінің жағалауында орналасқан Свинемюнде ден басталып Одер өзені бойынша Батыс Нейсеге, одан Чехословакия шекарасына дейін жатқан жерлерді уақытша Польша қарамағына беріледі және олар Германиядағы кеңестік зона оккупациясына жатпайды деп шешті".

Потсдам конференциясы герман милитаризмі мен нацизмінің түбегейлі жойылып, келешекте Германия тарабынан адамзаттың бейбіт өміріне қауіп төнбейтініне кепілдік берді.

Конференция шешімі бойынша, оккупация уақытында Германия біртұтас мемлекет ретінде қарастырылатыны туралы мәлімдеді. Германияны толық қарусыздандыру, фашизмнің қалдықтарын жойып, демократияландыру үшін "герман экономикасының децентрализацияланатыны, синдикаттардың тресттердің және бөтен де монополистік бірлестіктердің жойылатын туралы" айтылды [3].

Одақтастардың Бақылау органдарының Германияда тек өнеркәсіптің бейбіт салалары мен ауыл шаруашылығының дамуын қатаң қадағалайтыны туралы айтылды.

Конференцияның шешімінде былайша делінді:



13. Соғыстан кейінгі Германияның экономикасының дамуын ұйымдастырғанда негізгі назар оның ауыл шаруашылығы мен халықтың қажеттілігіне керекті тауарларды шығаратын өнеркәсіптің бейбіт салаларын дамытуға аударылады.

14. Оккупация уақытында Германия біртұтас экономикалық бірлестік ретінде қарастырылады. Соған байланысты мынадай мәселелер бойынша ортақ саясат жүргізіледі: а) тау-кен және өңдеу өнеркәсіп салаларының шығаратын өнімдерін бөлуде; б) ауыл шаруашылығы, орман және балық аулау өндірістерінің өнімдерін бөлуде; в) жалақы мен бағаны қоюда; г) Германия үшін импорт және экспорт бағдарламаларын анықтағанда; д) ақша және банк жүйесін ұйымдастырғанда; салықтар мен кеден алымдарын тағайындағанда; е) Германияның әскери-өнеркәсіптік потенциалын жойғанда және репарацияларды алғанда; ж) транспорт және коммуникация жүйелерін қайтадан құрғанда Одақтастар бұл салалардағы бірлескен саясатты жүргізгенде жергілікті жағдайларды ескеріп отырады.

15. Герман экономикасына одақтастардың бақылауы орнатылады.

17. Мына мәселелер бойынша дереу шаралар жүргізіледі: а) транспорт құралдарын жөндеуде; б) көмірді өңдеудің көбейтуінде; в) ауыл шаруашылық тауарларымен халықты жабдықтауда; г) әскери қимылдар барысында қирап қалған халықтың баспаналары мен коммуналдық мекемелерді қалпына келтіруде [4].

Потсдам конференциясының шешімінде барлық Германияда қызмет ететін демократиялық партиялар мен кәсіподақтарға қолдау көрсетілетіні туралы айтылды.

Кеңес Одағының делегациясының ұсынысы бойынша Германияның әскери қылмыскерлерінің соты тезірек өткізілетін болды. Германияға тәртжақты - КСРО, Ұлыбритания, АҚШ және Францияның оккупациялық бақылауы орнады және ортақ билеу үшін Одақтық бақылау кеңесі құрылды. Бұл Одақтық бақылау кеңесіне мынадай мәселелерді шешу тапсырылды:

1. Германияны толық қарусыздандыру және демилитаризациялау және сонымен қатар келешекте әскери қару-жарақ шығармау үшін неміс экономикасын жою және оған бақылау орнату. Бұл мақсаттарды шешу үшін: а) Германияның барлық құрлықтық, теңіз және әуе әскери күштерін, СС, СА, СД және Гестапоны барлық ұйымдарымен, штабтарымен және мекемелерімен толық және түбегейлі жою, келешекте герман герман милитаризмі мен нацизмі қайтадан жанданбау үшін; б) барлық қару-жарақ, амуниция, соғыс құралдары және оларды жасайтын құралдар одақтастардың бақылауына берілуге тиісті немесе жойылу керек. Ұшақтар және бөтен қару-жарақтар, амуниция, әскери техниканы жасау тоқтатылады.

Конференцияға қатысушылар, оккупацияның ең негізгі мақсаты - "неше түрлі нацистік және милитаристік қызмет пен насихатты тоқтату" екенін мәлімдеді".

2. Национал-социалистік партия мен оның филиалдарын және оған бағынышты мекемелерді тарату, барлық нацистік ұйымдарды тарату, келешекте олар бөтен түрде жандануына тиім салу және нацистік, милитаристік насихатқа жол бермеу.

Германияның саяси өмірін қайта құруға, демократиялауға дайындау және оның қайтадан халықаралық қатынастар жүйесіне кіруін дайындау.

3. Гитлерлік тәртіптің орнауына әкелген, нәсілі, діні және саяси көзқарастары бойынша дискриминациялауға әкелген нацистік заңдарды жою. Келешекте ешқандай құқықтық, әкімшілік немесе бөтен де дискриминацияға жол бермеу.

4. Әскери қылмыскерлер және немістердің адамзатқа жасаған қылмыстары мен зұлымдықтарына қатысы бар барлық қызметкерлер тұтқындалып, сотталады. Нацистік көсемдер, оларды қолдаған ықпалды жақтаушылары және нацистік мекемелердің басты қызметкерлері және бөтен де оккупациялық тәртіпке қас адамдар тұтқындалып, сотталады.

5. Барлық фашистік тәртіпке қатысты болған қызметкерлер өздерінің қызметтерінен алынады.

Өзірше ешқандай орталықтанған герман үкіметінің мекемелері құрылмайды. Бірақ та күнбе-күнгі өмір үшін қажетті қаржы, транспорт, коммуникация, сыртқы сауда және өнеркәсіп салаларында мемлекеттік хатшылар басқаратын орталық неміс әкімшілік департаменттері құрылады. Олар Бақылау Кеңесінің басшылығымен қызмет атқарады.

10. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сөз, баспасөз, дін бостандығы жарияланады. Ерікті кәсіподақтарды құруға рұқсат беріледі.

Үш елдің басшылары барлық Германияға бір Бақылау Кеңесі басқаратын қаржы, сыртқы сауда, өнеркәсіп департаменттерін құруды ұйғарды.

Репарациялар мәселесі бойынша, Германия одақтастардың шығындарын өтеуге міндеттелді және олар бойынша мынадай шешімдер қабылданды:



1. КСРО-ның репарациялық претензиялары оның оккупациялаған неміс зонасы мен Германияның шетелдегі банктерде жатқан ақшаларымен өтеледі.

2. Польшаның репарациялық претензияларын КСРО өз үлесінен төлейді.

3. АҚШ, Ұлыбритания және бөтен де елдердің Германияға қойылған репарациялық талаптары батыс оккупациялық зонасы мен Германияның шетелдегі банктердегі ақшаларынан өтеледі.

4. Өзінің оккупациялық зонасынан алған репарацияларға қосымша КСРО батыс елдерінің оккупациялық зонасынан: а) пайдалануға жарайтын металлургиялық, химиялық және машина салу салаларының комплекттік өнеркәсіптік капиталдық құралдарының 15% алады, бірақта ол үшін арнайы келісім бойынша германияға азық-түлік, көмір, құрылыс материалдарын береді; б) герман бейбіт экономикасына қажет емес өнеркәсіптік капиталдық құралдардың 10% алады, бірақ та олар үшін ешнәрсе бермейді, себебі олар репарация есебіне кетеді.

Кеңес Үкіметі батыс елдерінің оккупациялық зонасында орналасқан герман өндірістерінің акцияларынан репарация алмауға сөз береді және бұл мекемелердің шетелдік активтерінен де бас тартады.

Өз тарапынан АҚШ пен Ұлыбритания үкіметтері Германияның шығыс оккупациялық зонасында орналасқан герман өндірістерінің акцияларынан репарация алмауға сөз береді және бұл мекемелердің Болгариядағы, Финляндиядағы, Венгриядағы, Румыниядағы және Шығыс Австриядағы шетелдік активтерінен де бас тартады [5].

10. Кеңес Үкіметі батыс одақтастарының Германияда басып алған алтын қорларынан бас тартады.

Потсдам конференциясы КСРО-ға маңындағы территорияларымен бірге Кенисберг қаласын беруді шешті.

"Кеңес Үкіметінің ұсынысы бойынша, одақтастар Балтық теңізінің жағалауындағы территориялық мәселелер толық шешілгенге дейін КСРО-ның батыс шекарасы Данциг бухтасынан басталып, солтүстікке қарай Браунсберг-Гольдап және Литва, Поляк Республикасы мен Шығыс Пруссияның шекаралары түйіскен жерге дейін өтеді деп шешілді.

Конференция негізінде Кеңес үкіметінің ұсынысымен келісіп, маңындағы территорияларымен бірге Кенисберг қаласын КСРО-ға беру керек деп шешті".

Сонымен қатар бұл конференцияда Гитлер басып алған жерлерде орнығып алған неміс тұрғындарын қайтадан Германияға қайтару мәселесі шешілді.

"Конференцияға қатысушылар Польшаға, Чехословакияға және Венгрияға орнығып алған немістерді қайтадан өз еліне қайтару туралы мынадай келісімге келді. Үш Мемлекет бұл мәселенің барлық аспектілерін қарастырып бұл елдердегі орныққан немістерді Германияға қайтаруды шешті және бұл көшірілу гумандық және ұйымдасқан түрде жүргізілетінін атап көрсетті. Сонымен қатар бұл конференция Польша, Чехословакия, Венгрия үкіметтерін өз тарапынан одақтастардың Бақылау Кеңесінің рұқсатынсыз бұл неміс тұрғындарын көшіруге тиым салды".

Потсдам конференциясының тарихи маңызы өте зор болды. Ол қабылдаған шешімдер соғыстан кейінгі әлемнің демократиялық билеуінің жоспарын ұсынды. Әлемдік прогрессивтік баспасөз оны солай бағалады да. Нью-Йоркта шығатын "Пост Меридиан" газеті "Потсдам конференциясының шешімдері тек бір-ақ максатқа бағытталған - әлемде бейбітшілікті орнату" - деп жазған еді

Әдебиеттер:

1. Шамшиденова Ф.М. Шетелдіктердің жаңа заман тарихының тарихнамасы. – Алматы, 2006.
2. Фучик Ю. Я жил в суровый век: Писатели Западной Европы о годах антифашистского сопротивления. - М., 1984.
3. Мәшімбаев С.М, Еуропа және Америка елдерінің тарихы. (1918-1945) – Алматы: Заң әдебиеті 2007.
4. Дәуірбекова Т. Еуропа мен Америка елдерінің тарихы. (1918-1990). - Түркістан 2004.
5. Краминов Д. В орбите войны: Записки Советского корреспондента за рубежом. 1939-1945 годы. 2-е изд. - М., 1986.